



# SARKAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz) • e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru) • №37 (95140) 19 қыркүйек 2025 ж.

## ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана төрінде бас қосқан әлемнің ең беделді рухани көшбасшылары мен басқа да қатысушыларға ілтипат білдіріп, Съезд жұмысына қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтты.

— Қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбеюде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алу-да. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі Съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Съезд алғаш қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, Съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр.

— Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Гео-саяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-ші сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнасқан мекен екеніне назар аударды.

— Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық



моделі «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағида-тар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстың жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы өткен Съезден бері әлемде өте жағымсыз үрдістер белең алды. Кейбір саясаткерлер мен сарапшылар бұған «өркениеттер дағдарысы» деп айдар тақты. Президент Қазақстанда соңғы жылдары анағұрлым орнықты, ашық әрі әділ саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістер дәйекті түрде жүргізілгенін атап өтті. Мемлекет басшысы инновацияны, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге тоқталып, ұлттық экономиканы жаппай цифрландыру идеясы биылғы Жолдауының арқауы болғанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемде мәдениеттер арасындағы қарама-

қайшылық күшейіп, сауда және санкция текетірестері бәсеңдемей тұрғанына, жаппай қарусызданудың орнына әскерді жарақтандыру жарысы басталып кеткеніне тоқталды.

Мемлекет басшысының айтуынша, өркениеттер байланысын дамытуда, сондай-ақ адамдар мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда айрықша рөл атқаратын дінбасыларына зор үміт артылады.

— Діни қайраткерлер саясаткерлерді парасаттылыққа, ізгілікке және моральдық жауапкершілікке үндеп, әлемнің құрдымға кетуіне жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынына сенімдімін. Дүние жүзінде мұндай үлгі тұтар талпыныстар жоқ емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Адамзат бауырластығы туралы құжат, Мекке декларациясы, Бахрейн форумы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Ибраһим зәуазатының үйі» — осы бастамалардың барлығы тізе қосып әрекет етсе, дін ұйыстырушы күшке айналатынын көрсетеді. Мұндай тәжірибені одан әрі дамытып, кеңінен тарату қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан әрі Президент Қазақстанның дінаралық және мәдениетаралық диалогты нығайтуға қатысты ұстанымымен бөлісті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, діни конфессиялар қай заманда да адамдарға түрлі қиындықтар мен тауқыметтерді еңсеруге көмектескен. Сондықтан адамның рухани қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда, оның дүниелік мұқтажықтарын да қаперден шығаруға болмайды.

Мемлекет басшысы әлем күрделі экологиялық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отырғанын, соның

ішінде Орталық Азия оны ерекше сезінетінін жеткізді.

— Климат өзгерісі мұнда әлемдік деңгеймен салыстырғанда өте тез жүріп жатыр. Аймақта құрғақшылық жиі орын алып, мұздықтар еріп, тұщы судың қоры азайып келеді. Кез келген халықтың рухани дәстүрі табиғатты аялауға, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге үйретеді. Өйткені Жер — Жаратушы сыйлаған ортақ үйіміз. Оған қамқорлық таныту — парызымыз. Климаттағы өзгерістер мен оның ауыр салдары — тек ғылыми немесе экономикалық мәселе емес, іргелі адамгершілік құндылықтар үшін сынақ. Ықтимал экологиялық апаттардың алдын алу үшін халықаралық ынтымақты нығайту, сондай-ақ жаһандық және өңірлік деңгейде үйлесімді әрекет ету маңызды. Сондықтан Съезд аясында климат өзгерістеріне қарсы күрестегі діні көшбасшыларының рөлі туралы бірлескен құжат әзірлеуді ұсынамын. Аталған құжатта рухани дәстүрлерге негізделген және климат өзгерістеріне осал өңірлерді қолдауға ерекше мән беретін экологиялық жауапкершіліктің жалпыға бірдей қағидаттарын бекітуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы болашақ жастардың қолында екенін жеткізді.

— Өскелең ұрпақ барлық дін және мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара құрмет пен сыйластық рухын терең сезініп өсуі керек. Қазіргі жастар көптеген сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Наным-сенімі, дүниетанымы әртүрлі болса да, оларды толғандыратын мәселелер — ортақ. Демек сол түйткілдердің шешімін де бірлесіп іздеу қажет. Сол себепті, Съезд аясында Жас дін көшбасшылары форумы екінші рет өткізіліп жатыр. Бұл форумға қатысушылар ашық пікір алмасуға, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті. Бәріміз рухани көшбасшылардың жаңа буыны қалыптасып жатқанын көріп отырмыз. Оларға қолдау көрсету — баршамызға ортақ парыз. Қазақ халқында «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, бәріміз күш-жігерімізді біріктірсек, жаһандық сын-қатерлерге төтеп бере аламыз. Біз Астана төрінде осымен сегізінші мәрте бас қосып отырмыз. Бұл дін басшыларының арман-мұраты ортақ екенін аңғартады. Бүкіл адамзатқа төнген түрлі қауіптерге бірігіп қарсы тұруға дайын екенін көрсетеді. Осы дөңгелек үстелдегі құрмет пен достық рухы дүние жүзін ынтымаққа бастасын! Игі мақсаттарға бірге жетейік, — деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде Қасым-Жомарт Тоқаев форумның бір топ қатысушыларына мемлекеттік наградаларды, Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын, Съездің құрмет медалін, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгісін табыстады. II дәрежелі «Достық» орденімен Дүниежүзілік даошылар федерациясының төрағасы (ҚХР) Ли Гуанфут, Somaiya Vidyavahar университетінің президенті (Үндістан) Самир Шантилал Сомайя; «Шапағат» медалімен Иран Ислам Республикасының Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының президенті Мухаммад Мехди Иманипур марапатталды. Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Өркениеттер альянсы жөніндегі жоғары өкілі, БҰҰ ислам фобиясымен күрес жөніндегі арнаулы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа берілді.

Сондай-ақ бірқатар меймандар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің құрмет медалімен, Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгілерімен марапатталды.

Күні кеше ғана жұртшылыққа жол тартқан Мемлекет басшысы Қасым — Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы жер-жерде қызу талқыланып жатыр. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен мәні зор жиын алдағы міндеттерді белгілеп, атқарылар жұмыстарды айқындауымен құнды болды.

Аудан активінің жиналысын аудандық мәслихат төрағасы

## Жолдау жаңа міндеттер жүктейді



Марат Разбеков жүргізіп, аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев Жолдауда атап көрсетілген жеті тапсырманың жүзеге асырылуына қатысты міндеттерді саралап көрсетті. Ғалымжан Қанатұлы аталған мәселелер бойынша аудан әкімінің орынбасарларына, мекеме, бөлім басшыларына нақты тапсырмалар беріп, жауапкершілік жүктеді.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, «Аманат» пар-

тиясы аудандық филиалының төрағасы, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, мәслихат депутаттары, білім және спорт саласының өкілдері, аудандық бөлімдердің және құқық қорғау органдарының басшылары, қала және ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мәжіліс Жолдауда белгілен-

ген тапсырмаларды іске асырудағы ауданның атқарушы органдарының жұмысы туралы мәселені өзегіне арқау етті. Мемлекет басшысының Жолдауындағы кейбір бағыттар бойынша өз пікірлерін білдіру үшін түрлі сала өкілдері, атап айтқанда аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Жомарт Игіман, №1 мектеп-гимназия директорының орынбасары Татьяна Станкевич, Жастар ресурстық орталығының бас маманы Шыңғыс Мұрат сөз алды.

П.ЖЕҢІСХАН.

# Жетісуда туризмді дамыту басқармасы құрылады

Жетісу облысында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен Президент Жолдауы аясында туризм саласын дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Кеңеске жергілікті атқарушы органдардың, өңірдегі туристік саланың өкілдері, ұлттық табиғи парктардың, демалыс аймақтары мен базаларының, туристік клубтар мен кәсіпкерлік нысандарының жетекшілері қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысының туризмі 5 негізгі бағытқа негізделген. Олар - Алакөл, Балқаш көлдері, «Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи парктары және Жоңғар Алатауы тау сілемі.

- Туризм инфрақұрылымын дамыту – Президент Жолдауында айтылған маңызды тапсырмалардың бірі. Биыл туризм саласына бөлінетін қаражат көлемі облыстың даму бюджетінің 30% құрайды. Соның арқасында нысандардың қолжетімділігі, ең алдымен жол, су, жарық мәселесі шешілуде. Алакөлге дейінгі жол жаңғыртылып, Балқаш көліне дейінгі жол көлік қатынасы үшін ашылды, келесі жылы абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін жол толық пайдалануға беріледі. Жасылкөлге дейінгі жолдың жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Биыл өңіріміздің тағы бір көрікті жері саналатын Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейінгі жолдың құрылысы басталды. Сонымен қатар инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмыстары да жүргізілуде. Осылайша, біздің тарапымыздан туристік нысандарды қолжетімді ету мен саланы дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған тиісті жұмыстар жүргізілуде, - деді облыс әкімі.

Ол сондай-ақ жыл соңына дейін өңірде облыстық туризм басқармасы құрылып, аудан және қала деңгейінде туризм мамандарының саны артатынын хабарлады. Және де келесі шомылу мау-



сымы басталғанға дейін Алакөл, Балқаш көлдері жағалауларының санитарлық жай-күйіне жауапты коммуналдық кәсіпорын құрылмақ. Осыған байланысты кадр мәселесі өзекті болып отыр.

– Бізге тіл білетін, туризмді дамытуға заманауи көзқарасы бар мамандар қажет. Осы мақсатта биыл Алакөл ауданындағы колледжде туризм мамандығы ашылды. Жетісу университетінде де осы бағытта мамандар даярлануда. Әрине, бұл – тек бастамасы ғана. Білікті мамандарды тарту ісіне жергілікті туристік бизнес қауымдастығы да белсенді араласуы тиіс. Бізге аудармашылар, гидтер, менеджерлер, ұйымдастырушылар керек. Бұл – туризмнің табысты дамуының маңызды факторының бірі, – деген Б. Исабаев сөзді туризм саласына жетекшілік ететін орынбасары Әсет Қанағатовқа берді.

Өз сөзінде А. Қанағатов өңірде туризмді дамыту және проблемалық мәселелерді шешу бағытында қабылданып жатқан шараларға кеңінен тоқталды. Ол ең алдымен жол және инженерлік инфрақұрылымды дамыту басым бағыттардың бірі екенін атап өтіп, Алакөл мен Балқаш жағалауларында жүзеге асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобаларға, соның ішінде ретсіз құрылыстың алдын алу шараларына назар аударды. Алакөл жағалауының санитарлық жағдайы мен қауіпсіздікті, әсіресе судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

- Қабылданған шаралардың нәтиже-

сінде өткен жылы Жетісу облысына 2 миллион турист келді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Сонымен қатар шетелдік туристер саны 63,6%-ға өсті. Инфрақұрылымның дамуы орналастыру орындарының көбеюіне, ақылы қызмет көлемінің артуына және тиісінше бюджет түсімдерінің өсуіне ықпал етті. Бұл көрсеткіштер туристер үшін өңірдің тартымдылығы артып келе жатқанын және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін айқын көрсетіп отыр, – деді А. Қанағатов.

Кездесуге қатысушылар да өз пікірлерін білдірді. Олардың арасында «Яхта» және «Тау Жетісу» демалыс аймақтары директорының орынбасары Давид Виршки бар:

– Биыл туризмге ерекше көңіл бөлінгенін сезіндік. Балқаш көліне баратын жолдың жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін келушілер саны айтарлықтай артты. Сонымен қатар Текеліде біз парампанизм бойынша бірнеше іс-шара өткіздік, оған әлемнің 50 елінен шамамен 400 ұшқыш қатысты. Бұл жұмысты келесі жылы да жалғастырамыз. Өз тарапымыздан біз инвесторларды тарту жұмысын атқарып жатырмыз. Бірлескен еңбегіміздің нәтижесі зор болатынына сенемін, өйткені біздің Жетісу көркем әрі сан қырлы, – деді Д. Виршки.

Өңірдің туристік қауымдастығының басқа да өкілдері өз сұрақтары мен ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, оларды Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын жолды жөндеу

жұмыстарының аяқталу мерзімі, Текелі қаласында туризмді дамытуға арналған бірыңғай мастер-жоспар құру мүмкіндігі, инвесторларды тарту жұмыстары және салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары қызықтырды. Барлық сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Қорытынды сөзінде өңір басшысы Бейбіт Исабаев:

– Бүгін сіздермен жақсы да ашық диалог болды деп есептеймін. Туризм – өңірде ауыл шаруашылығымен қатар тұратын басым бағыттың бірі. Алдымызда барлық мәселелерді 3 жылдың ішінде шешу ортақ міндеті тұр. Өз тарапымыздан біз қажетті жағдайларды жасап келеміз. Жетісу облысы туризм саласындағы мемлекеттік қолдауды игеру деңгейі мен тиімділігі бойынша республикада үшінші орында. Бизнес қауымдастығы да өз тарапынан инвесторлар тартып, ілгерілету мен жарнамалау жұмыстарымен айналысуы керек. Осылайша күш-жігерімізді біріктіру арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін нәтижеге жете аламыз, – деп сөзін түйіндеді ол. Сондай-ақ ол жауапты тұлғаларға туристік нысандарды заңдастыру, кәсіпкерлердің адал қызметін ынталандыру, туристік инфрақұрылым жобаларын сапалы әрі уақытылы аяқтау, туризм басқармасын құру туралы бірқатар тапсырмалар берді.

Осы күні жиын аясында туризмді дамытуға үлес қосып жүрген ұйымдардың қызметі мен өнімдері ұсынылған көрме ұйымдастырылды. Өңірдің туристік мүмкіндіктері туралы «Visit Zhetysay» туристік ақпарат орталығының, «Қорғас» ШЫХО-ның, «Жоңғар Алатауы» және «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи парктарының өкілдері баяндады. Туристік клубтар, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм федерациясы және Текелі қаласындағы балалар - жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығы осы салада жеткен жетістіктерімен бөлісті. Сондай-ақ қолөнершілер мен кәсіпорындар өңірдің брендтік өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Көрме қатысушыларымен әңгімелескен облыс әкімі Бейбіт Исабаев олардың бәріне өңір туризмін дамытуға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## Жетісу облысында 130 мың тонна картоп жиналады

Биыл Жетісу облысында 130 мың тонна картоп жиналады деп күтілуде. Қазір науқан қызу жүріп жатыр, бүгінге орташа өнімділік гектарына 213,4 ц/га центнерге жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 5 центнерге жоғары, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, облыста 6250 гектар жерге картоп егілді. Соның бүгінгі күнге дейін 65,5 % жиналып, 87,5 мың тонна өнім қамбаға құйылды.

Картоп жинауға Ескелді ауданының шаруашылықтары да белсене кіріскен. Бұл ауданында биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 53 408 гектар болса, соның 1116 гектарына картоп себілген, сол қатарда «Нам» шаруа қожалығының алқабы да бар.

- Біз тәлімі бидай, қант қызылшасын, картоп, соя мен жүгері де өсіріп отырмыз. Биыл картопты 50 гектарға ектік. Жинау жұмыстарына 2 картоп жинайтын комбайн тартылып, 30 адам жұмыс істеп жатыр, ал жалпы тұрақты жұмыспен 15 адам қамтылған. Бұл ретте мемлекеттен көрсетілетін қолдаудың маңызы зор. Мәселен, қант қызылшасының тұқымына және себуге, ал картоптың тұқымына субсидия аламыз, бұл әрине біз үшін шаруашылықты одан әрі дамытуға үлкен көмек. Өнімді өткізу де жолға қойылған, біздің картобымыз Талғардағы қытырлақ картоп шығаратын зауытқа, сол сияқты Талдықорғанның базарына жөнелтіледі, - дейді шаруашылық жетекшісі Виктор Нам.

Аудандық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетілуде. Биылғы жылдың өзінде аудан шаруалары лизингіге 56 жаңа техника сатып алған. Соның арқасында техникаларын жаңарту деңгейі 7,5% болып отыр. Жалпы бүгінгі күні ауданда 6 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді. Қазіргі кезеңде күзгі жиын-терінге шамамен 153 тонна арзандатылған жанар-жағармай, 5 мың тоннадан астам минералды тыңайтқыш бөлінді. Сонымен қатар биылғы жылдың 7 айында ауданда 17,2 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың деңгейінен 5,7% жоғары.

Жалпы, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы субъектілерін қолдауға 68 млрд теңге, соның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, сондай-ақ техника сатып алуға арналған лизинг қаражаты қарастырылған. Оның 14,3 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## Бірінші жарты жылдықта жылжымалы медициналық кешендер 119 ауылда қызмет көрсетті

Жетісу облысында өткен жарты жылда жылжымалы медициналық кешен (ЖМК) өңірдің 119 ауылын қамтыды. Бұл ретте оның көмегімен 58 мыңнан астам адам медициналық тексеруден өтсе, соның 2 мыңнан астамы бала, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ЖМК автокөлігінде бірнеше кабинет қарастырылған, атап айтқанда жалпы дәрігерлік кабинет, кардиолог, офтальмолог, флюорография, оториноларинголог және дәріхана пункті, стоматолог, акушер-гинеколог, хирург, рентгенолог және функционалдық диагностика, зертханалық диагностика кабинеттері орналастырылған.

Жылжымалы медициналық кешен жыл сайын бекітілген кесте бойынша барлық ауылдарды аралап, дәрігерлер ауруларды ерте кезеңде анықтауға ықпал етеді.

Мәселен, Көксу ауданындағы мұндай кешен КАМАЗ автокөлігі базасында орналастырылған. Кешеннің жетекшісі Гүлжан Қорабаеваның айтуынша, өткен жылы осы автокөліктің көмегімен ауданда 14 383 тұрғын медициналық көмек алды. Ал осы жылдың сегіз айында 5456 адам медициналық тексеруден өткен.

- Ауыл халқының санына байланысты жылжымалы емхана әр елді мекенде бірнеше күн, кейде бірнеше апта бойы жұмыс істейді. Кешен рентген, УЗИ, тіс емдеу, электрокардиография, офтальмологиялық аппараттармен, гинекологиялық орындықпен, зертханалық құралдармен жабдықталған. Алыстағы елді мекендердің тұрғындары тиісті мамандардан қажетті медициналық көмек алады, - деді Н. Қорабаева.

Атап өтсек, жергілікті дәрігерлік амбулаторияға жалпы практика дәрігері Салтанат Темірәлиева «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы келген. Жас маман бұл ауылға мемлекеттен 10 миллион теңге көлемінде бір реттік көтерме ақы алған.

- Өзім Қарағанды медициналық университетін бітіріп, Астанада интернатурадан өттім. Жолдасым осында аға фельдшер болып жұмыс істейді. Күн сайын шамамен ондаған пациентті қабылдаймыз. Амбулаторияға 3200 адам тіркелген. Менің басты міндетім – округ тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетіп, мүмкіндігінше аурудың алдын алу. Жалпы практика дәрігерлері тұтас отбасыларды бақылауға алады, біз педиатр немесе терапевт деп бөлінбейміз, бәрін білуіміз керек. Мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылай көтерме ақы біздің жас отбасымыз үшін үлкен қолдау болды, - деді ол.

Ауыл тұрғындарына 8 ЖМК қызмет көрсетеді, оның 3-еуі КАМАЗ, 5-еуі автобус базасында орналастырылған.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

• Жолдау - өрлеу өзегі

## Тың серпін береді



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына кезекті Жолдауы - еліміздің даму бағытын айқындап берді. Республика жұртшылығымен бірге ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамы да Президентіміз тікелей эфирден берген жоспарлы Жолдауын ұйып тыңдады.

Жолдауда еліміздің әлеуметтік-экономикалық өркендеуі, саяси жүйенің жаңғыруы, ұлттық қауіпсіздік пен халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған ауқымды міндеттер қойылды. Бұл – болашақтың берік тірегіне айналатын өскелең ұрпақты патриотизмдік рухқа тәрбиелеуде таптырмайтын күш. Себебі, шекарашылар сапына алынып, Отан алдындағы борышын ел шебінде атқарып жүрген жас сарбаздарды елжандылық рухқа тәрбиелеуде қажетті құрал.

Мемлекет басшысы ең алдымен цифрландыруға, жасанды интеллектіні енгізуге ерекше назар аударды. Бұл – Қазақстанды алдағы үш жыл ішінде толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыруға жасалған маңызды қадам. Сонымен бірге өнеркәсіптік-инновациялық даму, өңдеу саласын ілгерілету үшін жаңа жоғары технологиялық кәсіпорындар ашу міндеті қойылды.

Қазіргі таңда Шекара қызметі барлық жағынан толайым жаңарған. Техника, соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар, заманауи кешендер. Жас патриоттарымыздың болашақта әскери мамандықты таңдауына осының өзі-ақ жеткілікті.

Қорыта айтқанда, Президентіміз - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кезекті Жолдауы еліміздің уақыт талабына сай дамуына жол ашып қана қоймай, әрбір қазақстандықтың болашағына деген сеніміне тың серпін береді.

**Р.СЕТВАЛДИЕВ,****ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары, полковник.**

## ТУРИЗМДІ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын еліміздің болашағына бей-жай қарамайтын азамат ретінде мұқият оқып шықтым. Құжаттың стратегиялық мән-маңызы, елімізді өркендетудегі рөлі айрықша. Бұл даусыз. Нақты мақсат-міндеттер қойылып, бағыт-бағдарымыз айқындалған жолдауда өзіміздің өңірімізге қатысты біраз тұстарды атап өткім келеді.

Президентіміз туризм туралы «Тағы бір маңызды мәселе, бұл – туризм. Жалпы, бұл салада біраз түйткілді мәселе бар. Шынын айту керек, кәсіби кадрлар тапшы. Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды. Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады. Ал шетелден туристер тарту мәселесі және отандық туризм саясатын заң тұрғысынан қамтамасыз ету орталық органдардың назарында бола-

ды» деді.

Осы орайда Аманбөктер негізгі орта мектебінің басшысы, еліміздің патриоты әрі жанашыры ретінде иә, Аманбөктерде тау туризмін дамыту — өте маңызды және өзекті мәселе дегім келеді. Бұл Мемлекет басшысы айтқандай көпшілік көп баратын жерлерден бөлек, қолдау мен қамқорлық болса келешегі көркем, әлеуеті зор бағыт болмақ. Бұл бағытты дамытудың бірнеше маңызды себебі бар. Соларды тарқатып айтсам. Табиғи әлеует. Аманбөктер — табиғаты көркем, биік таулармен, аңғарлармен, өзендермен ерекшеленетін аймақ. Мұндай табиғи ресурстар: Экологиялық туризмді дамытуға, Тауға шығу (трекинг, альпинизм), Фото-туризм, кемпинг сияқты бағыттарға өте қолайлы. Сондай-ақ аталмыш елді мекенге жақын жерде тұтастай бір аумақты алып жатқан Таңбалы тастар, балабал тастар, киелі орындар (сөзге басы тиіп намаз оқып жатқан тас) бар екендігін айрықша атап өткім келеді. Бұл бір жағынан тамырлы тарихымызды ұлықтауға, ұмытпауға септесе, екінші жағы таулары аспанмен тілдескен ауылды көркейтудің, танымал етудің төте жолы. Экономикалық пайда. Туризм — жергілікті халық үшін қосымша, тіпті негізгі табыс көзіне айналады: Жергілікті кәсіпкерлерге (қонақ үйлер, гидтер, тасымал қызметі,

каде сый жасап сату қызметі), Жаңа жұмыс орындарының ашылуына, Қолөнер, ұлттық тағам, мәдени туризмнің дамуына серпін береді. Халық саны көбейіп, оқушы саны артады. Аймақтың танымалдығын арттыру. Аманбөктерді ішкі және шетелдік туристерге таныстыру арқылы: Қазақстанның табиғи байлығы мен мәдениетін насихаттау, Аймақтың беделін арттыру мүмкіндігі бар. Қоршаған ортаны қорғау. Туризм дұрыс ұйымдастырылса, табиғаттың сақталуына көмектеседі: Экологиялық ағарту жұмыстары жүргізіледі, Табиғатты сақтау мен тазалыққа назар аударылады.

Енді жоғарыда аталған дүниелерді дамыту үшін не қажет? Инфрақұрылымды дамыту, туристік маршруттар мен гидтер дайындау, әлеуметтік желілерде, халықаралық көрмелерде жақсы жарнама жасау, Мемлекеттік қолдау және инвестиция тарту.

Осынау бағытта қазіргі таңда бірқатар жұмыстар атқарылуда. Келешекте жоғарыда айтылған жұмыстарды жақсы жолға қойсақ өңіріміздің өркендеуіне, әсіресе ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыруға тың серпін болмақ.

**Жансерік БӨКЕН,**  
**Аманбөктер негізгі орта мектебінің директоры.**

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Жақында аудандық әкімдіктің кіші мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысовтың төрағалығымен қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру мәселелерін арқау еткен жиын өтті.

Негізі баяндаманы ҚР мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің еңбек қауіпсіздігін бақылау және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы Шыңғыс Әбішев жасап, өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты қызметкердің қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым оқиға себебінен орын алған қаржылық, материалдық шығындарды өтеуге ықпал ететіндігін атап өтті. Шыңғыс Жанайдарұлының сөзінше сақтандыру төлемдері арқылы жұмыста өмірі мен денсаулығына зиян келіп, нәтижесінде мүгедектігі туындаған жұмысшылардың мүлктік мүдделері қорғалады. Бұл жұмысшылар үшін маңызды әлеуметтік кепілдік және еліміздегі жұмыс берушілер үшін міндетті заң талабы. Тексеру-



лер жұмысшылардың өндірістегі жарақаттары үшін өтемақы алуы қамтамасыз ету үшін қажет, осылайша жұмысшыларды жазатайым оқиғалардан қорғауға арналған заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Баяндамашының айтуынша Қазақстанда қызметкерлердің сақтандыру келісімінің жоқтығы туралы өтініштерін тексеруді Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменттері жүзеге асырады. Жұмыс берушілер, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар осы шартты жасасуға міндетті, ал сақтандыру ұйымдары осы шарттың міндеттемелерін орындауға міндетті. Ресми деректерге сәйкес, облыста сақтандыру жүйесіне

кіруге міндетті 70-ке жуық мемлекеттік кәсіпорын жұмыс істейді екен. Біздің міндет жұмыс берушіні жазалау емес, заң талаптарын түсіндіру, азаматтардың құқығын қорғау деген баяндамашы сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 230 – бабына сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру келісімінің жоқтығы үшін айыппұлдар қарастырылғандығын тілге тиек етті.

Жиын соңында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, маманның жауабына ден қойды.

**Өз тілшіміз.**

## «Қызмет лайф» жобасы аясында

2025 жылдың 12 қыркүйек күні «Қызмет лайф» жобасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы тікелей эфир өткізіліп,

Сарқан ауданының Бақалы ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратымен және 2025

жылдың 9 айында атқарылған жұмыс қорытындысын баяндады.

**Сарқан ауданы әкімі аппаратының қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі.**

Сарқан аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында кеңес төрағасы Жомарт Игіман кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

## ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Алғашқы болып «Сарқан ауданы әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның ведомствоаралық жұмыстары туралы» аудан әкімі аппаратының заң және мемлекеттік – құқықтық бөлімшесінің басшысы Арнай Жәнібековтың хабарламасы тыңдалды.

Келесі «Бақалы ауылдық округі аппаратының 2024 жылғы және 2025 жылғы жартыжылдықта көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасы туралы» баяндаманы Бақалы ауылдық округінің әкімі Айдар Жанабеков жасады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Елдар Тұрсыновтың бөлімнің өткен жылы атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы тыңдалды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша комиссия мүшелері тарапынан сауалдар қойылып, олардың ұсыныстары хаттамаға енгізілді.

**Өз тілшіміз.**

## Печи источники тепла и беды

Наибольшее число происшествий с огнем приходится на зимний период, то есть в те месяцы, когда для обогрева жилых помещений интенсивно используются печи и электронагревательные приборы. Но не менее опасным также является весенняя пора, когда атмосферная влага воздуха с резким похолоданием, превращается в сырость, что чревато для отопительных печей. Опрометчиво поступают и те домовладельцы, которые не заботятся о своевременной очистке дымовых труб от скопившейся золы. А это приводит не только к пожарам, но и отравлениям угарным газом. Также имеет место и то, что некоторые домохозяйки вблизи печей сушат дрова, белье, обувь, что часто приводит к их загоранию.

Сам по себе угарный газ, является очень едким для организма человека, от которого с точки зрения медицины от долгого времени присутствия человека в этой комнате наполненной гарью дыхательные органы прекращают свое функционирование. В результате человек теряет, бдительность и сам по себе не сможет передвигаться.

Не стоит забывать, что нет ничего страшнее и опаснее вырвавшейся из повиновения огненной стихии, которая может привести к непоправимым последствиям. Это несчастье можно своевременно предупредить, если регулярно выполнять несложные правила пожарной безопасности. Только осторожность в обращении с огнем является надежным средством недопущения пожара в жилых домах.

**М.САРКУЛОВ,**  
**инженер ОЧС Сарканского района,**  
**ст. лейтенант гражданской защиты.**

# Шығыстың жарқын жұлдызы

Шоқан Уәлиханов 1835 жылдың қарашасында Аманқарағай дуанында дүниеге келген. Кейін осы округтің сұлтаны, Шоқанның әкесі – Шыңғыс (Уәли ханның ұлы, Абылай ханның немересі) отбасымен бірге жаңа қамал – Құсмұрынға (дуан аты да Құсмұрын болып өзгерді) көшіп барды. Аға сұлтанның кеңсесі осы қамалда 1853 жылға дейін орналасқан. Шоқан Уәлихановтың туған кездегі шын есімі – Мұхаммед-Қанафия. Дейтұрғанмен, ол күллі әлемге Шоқан атымен танылды. Біреулер оны анасы осылай атап кеткен дейді. Енді біреулердің айтуынша, әжесі Айғаным солай деп еркелетіпті.

Шоқанның атасы – Уәли хан, қазақ хандығының соңғы хандарының бірі болса, әкесі – Шыңғыс сұлтан Ресей оқуын көрген, ағартушылыққа бейім адам болған. Осындай ортада өскен Шоқан бала кезінен-ақ білімге ерекше құштарлығын байқатқан. Ол 12 жасында Омбы кадет корпусына түсіп, замандастарынан біліммен ғана емес, мінезімен, парасатымен де ерекшеленіп тұрған.



Уәлиханов қазақтың шынайы тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін зерттеп, әлемге танытуды өз өмірінің басты

мақсаты етті. Оның "Қашқарияға сапар" жазбасы – шығыстану ғылымындағы теңдессіз еңбек болып табылады. Сонымен қатар, Шоқан қазақ халқының фольклоры мен эпосын жинақтап, оның тарихи-мәдени мәніне терең үңілді. Ол «Манас» жырының нұсқасын алғаш қағазға түсіріп, әлемге ұсынған ғалым болды.

«Текті таныған – тарихты таниды» демекші, Шоқан өз тегін, халқының өткенін терең танып, оның жарқын болашағы үшін ғылым мен білім жолымен қызмет етті. Ол туған халқының рухани мұрасына тек зерттеуші ретінде емес, шынайы жанашыр ретінде қарады. Қысқа ғана ғұмыр кешсе де, Шоқанның артында қалдырған ғылыми мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін таусылмас қазына. Оның еңбектері мен өмір жолы жас буынды отансүйгіштікке, білімге ұмтылуға үндейді.

А.ЕСЕРКЕЕВА,

Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.

## Тіл мәртебесі – ел мәртебесі

Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы. Тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлім – тәрбиесінің негізі. «Ұлттың сақталуы мен жоғалуына да себеп болатын халықтың өзі. Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, тіл – әр халықтың жүрегі болып саналады. Тіл - тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл, шешендерді ел басқару ісіне араластырып, халық жүрегінде жатталған дала данышпандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған әділетті би – шешендер ұлылықпен ұлағат, өнеге мен тағылымның мектебі, аталы ойдың алтын қазығы бола білді. Тілге деген құрмет, ол халыққа деген құрмет. Әлем танитын ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетуіміз қажет.

С.ИСАБАЕВА,

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

Республикалық «Матай Бөрібай батыр» қорының бастамасымен елорда төріндегі Ұлттық музейге өткенғасырларда қазақ даласында өрістеген ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, атақты батыр Тәнеке Дөсетұлының түпнұсқа шапаны табысталып, іс-шара аясында ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Маңызды басқосудың бұйдасын ұстап, көпшілікке жиынның беташар сөзін арнаған музей басшысы Берік Әбдіғалиұлы: «Қазіргі таңда еліміз көлемінде Ұлттық музейге сый тарту акциясы жүріп жатыр. Осы акция аясында қазақ тарихында орны зор тұлғаларға тән жәдігерлерді мекеме қорына тапсыру дәстүрі жақсы қалыптасып келеді. Атап айтқанда, бұған дейін Төле және Қазыбек бидің түпнұсқа шапандары табысталса, Мәшһүр Жүсіп атамyz қолданған бұйымдардың көшірме

Батырдың өмір-тарихын зерттеген қаламгер Әділбек Ыбрайымұлының баяндамасында, батырдың шын аты – Нұрәлі. Бірақ әкесі Дөсет еркелетіп «дәнекерім» деп атаған. Бұл есім уақыт өте келе «Тәнеке» аталып кеткен дейді.

«Батыр атамyz бала кезінде аурушаң, әлсіз болған екен. Содан ауыршаң балаға ем-дом жасаған балгер «бұл бала ержеткенде аса қуатты батыр болады» деп болжаған-мыс. Осылай тар заман, қиын күндері 15 жасында қарына қару іліп, атқа қонған жас Тәнеке ұстазы Мұңайтпас ердің соңына еріп, өмірінің ақырына дейін аттан түспеген. Ол заманда Тәнеке елі Қытаймен шекаралас болғандықтан арғы беттегі Бұратала қалмақтарымен әркез барымта-сырымта болып тұрыпты. Мұндай істен батыр да қағыс қалмай, талай дүркін түн қатып небір жортуыл-

сыйға тартып, «хоружий» атағын берген екен. Яғни шапанның өзіне биыл 180 жыл толып отыр...

Қысқасы, екі ғасырға таяу ғұмыры бар шапан алғашында Тәнекенің шаңырағында отырған баласы Нұғманның қолында сақталыпты. Бұл адам өмірден озар тұста ұлы Садуақасқа аманаттапты. Кейін бұл кісі баласы Бидахметке берген. Осыдан 30 жылдың алдында жәдігер Қарлығаш Бидахметқызының қолына өткен. Шапанның қазіргі түр-сипатына тоқталсақ: қызыл матадан тігілген, иығы кең, тұла бойын шеңберлі оюмен көмкерген, шеңбер сырты күн шашақты жұлдызшамен қоршалып, ішкі жағы сапсары тана-түйме бедермен толтырылған. Шапанның желке тұсы – қазақы гүлді өрнектерге толы...

«Жас күнімде атам Садуақастың

тарихы. – Алматы: AmalBooks, 2024. – 184 б.).

Бірақ М.Тынышбаев батырдың не үшін тұтқындалғаны туралы нақты айтпайды. Ал біздің пайым бойынша, Жетісу өңіріне ресейлік отарлау ісі қарқынды жүргізіле бастаған XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде қоныс-өрісі тарылған қазақ ру-тайпалары әрі-бері босып көшкендіктен жерге талас, малға талас, барымта-сырымта өрістеп, ел қоқан-қырғыз жеріне ауып барады. Бұл өңірде тұрақты қоныс болмайды. Үріккен ел ақ патшаға бас иген сұлтандардың қуғындауына ұшырайды. Бұл оқиға тарихта «Рүстем қырғыны» деген атпен белгілі.

Бұл оқиға туралы Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжатта: «Тәнеке батырдың артынан ерген ел ботпай Тойшыбек

# Жақсыдан қалған жәдігер

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ

нұсқасы қорға алынды. Осы үрдістің жалғасы ретінде бүгін – XIX ғасырдағы ұлт-азаттық көтерілістің ірі өкілі, халық арасында әділ билігімен танылған тұлға Тәнеке батыр Дөсетұлының шапаны музей қорына беріліп отыр. Бұл – үлкен сауапты іс. Осындай іс-шара мұрындық болып отырған батыр ұрпақтарына алғыс айтамыз.

Бұл іс-шараның басты құндылығы – жас ұрпақ өз тарихын тек оқулықтардан ғана емес, осындай жанды жәдігерлерді көріп-білу арқылы да таным көкжиегін кеңейте алары сөзсіз. Өйткені бұл жәдігерлер сол заманның куәсі. Мысалы, музей қорына алынып отырған осы шапанның астарында қазақ батырының халқы үшін жасаған ерлік істері мен өткен оқиғалардың деректік негізі жатыр. Атап айтқанда, Тәнеке Дөсетұлының ұлт-азаттық көзқарасы, соның ішінде қазақтың соңғы ханы Кенесарының кегін қайтару әрекеті сияқты істері бұл тұлғаның ұлт тарихындағы орнын биіктете түсері сөзсіз.

Музейдің миссиясы – құнды тарихи жәдігерлерді сақтау және осы арқылы халқымыздың жадысын жаңғырту. Осы орайда, мекеме төрінен орын алып жатқан батыр атамyzдың түпнұсқа шапаны мемлекет қамқорлығына алынды деген сөз. Осылай музей экспонатына айналған бұл бұйым бұдан былай күтімде болады. Сонымен қатар алдағы күндері міндетті түрде насихатталады. Оның сыртында шапанға арнайы сараптама жүргізіледі. Атап айтқанда, қандай матадан тігілді, қандай стильде жасалды, т.б. барлығы анықталады», деді.

Батыр атамyzға бұл шапан патшалық Ресей мүддесіне орай атқарған қызметі үшін сыйланған көрінеді. Біздің бұл пікірімізге архив жазбаларында сақталған мына құжат дәлел. Онда: «Тәнеке сынъ Дюсетевъ, Бій, 44 летъ. Рода Каптагай – Бирубай. Въ 1846 года волостнымъ управителмъ. Въ 1847 году погр. нач. Сибирскихъ киргиз, награжденъ суконнымъ халатомъ» делінген екен.



ды бастан өткізген. Батырдың басты қасиеті – айналасындағы ағайынның малына қамқор, жанына сая болғаны. Бұл тұлғаның өмір тарихын індету барысында байқағаным – Кенесары сұлтанды үлгі тұтқан екен», деді баяндамашы.

Сондай-ақ жиынға қатысушыларға маңызды пікір айтқан «Матай Бөрібай батыр» қорының төрағасы Берікбол Қасымовтың сөзінен аңғарғанымыз: Тәнеке батыр 1807 жылы Арғанаты тауының шығыс баурайындағы Тасқора деген жерде туыпты. Бойы еңселі биік адам болыпты. Басты қасиеті – халықшыл, әділдікті ұстанған. Біздің ел жақта сақталған «қайрай-қайрай қайрақтың таты шықты, Он бесінде Тәнекенің аты шықты» деген тәмсіл тегін емес. Ресей шенеуніктері Тәнеке батырға 1845 жылы қоқандықтарға қарсы жорыққа қатысқаны үшін осы қызыл шапанды

қолында өстім. Сол кезде осы шапан сандықта сақтаулы тұратын. Жоғары оқу орнын бітірген соң Қызылорда қаласына тұрмысқа шығып, онда 20 жыл тұрдым. Кейін күйеуім Сансызбай жұмыс бабымен Алматыға ауысты. Әкем Бидахмет Садуақасұлы Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері еді. Майданнан жаралы болып келген мүгедек болатын. Осы кісі өмірден өткен соң шапан менің қолыма тиді. Күйеуім «мұндай құнды затты қадірлеу керек» деп үй ішінен шағын көрме-музей ашып, шапанды арнайы жасалған әйнек шкафқа орналастырып қойды. Міне, бүгін әулет мұрасын музейге өткіздік», деді Қарлығаш апамыз.

Осы орайда, тарихи шапан иесі Тәнеке батыр Дөсетұлы хақында ресми архивтерде және тарихи деректерде азды-көпті мәлімет сақталыпты. Осыған назар аударсақ, қазақтың үлкен ғалымы Шоқан Уәлиханов «Ыстықкөл сапарының күнделігі» атты жазбасында батырдың болмыс-бітімін сипаттап былай деп жазыпты: «...шілде күні Арасанда түнедік. Бұл күні бізге Жетісуда атағы шыққан батыр әрі барымташы Тәнеке келді. Өзінің суық жүріс, суыт жорықтарына қарамастан Тәнеке матайдың қаптағай руы арасында үлкен беделге ие және болмыс болған адам. Ол орта жастағы, өте мығым кісі. Бір қызығы, жирен сақалы ұзын және мұрны өте үлкен. Сонымен қоса сығырайған кішкентай және ойнақы көздері оның сиқын жағымсыз етіп көрсетеді... Менің байқағаным Тәнекенің (түпнұсқада Тінеке) бүкіл денесін Бюффонның (Бюффон Жорж Луй Леклерк – көрнекті француз жаратылыстанушысы һәм алғашқы қауымдық құрылысты зерттеуші) алғашқы қауымдық адамы сияқты түк жапқан» десе (Ш.Ш.Уәлиханов. Көптомдық шығармалар жиғаны. I том. – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 304 бет) қазақ тарихшысы Мұхамеджан Тынышбаев өзінің естелігінде: «Поротиков агенттері Верный уезінің Жәміш болысының қазақтары (түпнұсқада – қырғыздар) Сәт Ниязбеков пен Тәнеке және басқаларды тұтқындады», деп жазады (М. Тынышбайұлы Қазақ халқының

батырдың қасына барды. Тастамбек батырдың артынан ерген ел тағы бір жерге барды. Сол екі болыс елге бас болғанның біреуі қыдырәлі Тәнеке батыр, біреуі құлшан Тастамбек батыр. Ол жерге барған соң Қоқан ханға барып білінуге, көрінуге керек болған соң тартуға ат айдап, екі кісі барады. Бірі Қалқабай, екінші жақтан Тастамбек батыр екеуі барып ханға көрініп, тарту-таралғысын беріп, қанша ел келгені хақында есеп-қисабын беріп қайтыпты», дейді (1368-қор, 1 тізімдеме, 2 іс, 117-121 папкі).

Жоғарыда айтылғандай, әрі-бері толқыған елді тоқтату үшін патша шенеуніктері ел басыларын (ішінде Тәнеке бар) тұтқындаған. Тарихшы М.Тынышбаев келтірген «тұтқындау ісі» осы болса керек.

Тәнеке Дөсетұлы туралы айтылғанда аттап өтуге болмайтын үлкен оқиға бұл тұлғаның Кенесарымен қатынасы. Бұл туралы ел аузында сақталған артық-кем әңгіме жетерлік. Десе де, аталған тақырыпты барынша зерттеп, қалам тартқан жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков: «Тәнеке батыр Кенесары ханға орасан зор қолдау көрсетіп, ханның қырғыз еліне Жетісу өңірі арқылы өтуіне үлкен ықпал жасайды. Ал осыдан кейін қырғыз манаптарының Ресей патшалығына сатылып, Кенесарының басын алып, Қапал, Аягөз арқылы Омбыға жібергенін естіген Тәнеке батыр Жетісу жерінен матай, садыр, арғы беттен қызай елінің руларынан 2000-ға жуық қол жинап, қырғыз манаптарын аямай жазалайды, құлдыққа жегеді. Бұл туралы қазақтың әйгілі тарихшысы Ермұхан Бекмаханов еңбектерінде атап өткен. Тәнеке батыр атасы Қыдырәлі биден бастап, әрісі Матай, берісі Қаптағай елінің қорғаны болады» деген пайым айтыпты. Бұған біздің алып-қосарымыз жоқ.

Тәнеке батыр 1884 жылы дүниеден өткен екен. Бұл туралы Жеңісбек Толымбековтің «Дәнекерім Тәнеке» атты еңбегінде: «Тәнеке батыр қыс ішінде қайтыс болып, жер аяғы кеңіген көктемде Баянжүрек тауының етегіне «Түкі кезең» деген жерде жерленген», деп жазыпты.

## Амқарылған жұмыс қорытындыланым, алғағы мінгеммер айқындалғуы



2025 жылдың 3 қыркүйек күні нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын-алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру жөніндегі Жетісу облысының өңірлік ведомствоаралық штабының 3-ші отырысы өткізілді. Штаб отырысына облыстың ведомствоаралық комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, басқарма басшылары және аудан, қала әкімдерінің орын-басарлары қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде келесі сұрақтар қаралды: Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық штабтың 2025 жылдың III - тоқсанда атқарған жұмысын қорытындылау; Алкоголь мен есірткіге тәуелділікті қалыптастыру мен дамытудың ықтимал тәуекелдерін анықтау тұрғысынан психологиялық диагностика шеңберінде өңірдің оқу орындарының оқушылар арасында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері туралы; Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттары мен әлеуметтік желілерінде есірткіні қолданудың, олардың заңсыз айналымына қатысудың салдары туралы жарияланымдарды тұрақты орналастыруды қамтамасыз ету мониторингі туралы.

Аталған мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың баяндамалары тыңдалып, нашақорлыққа қарсы шараларды күшейту, жастарды салауатты өмір салтына тарту, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру бойынша және жоспарға сәйкес алдағы 4-ші тоқсанда атқарылатын жұмыстар жайлы нақты тапсырмалар берілді.

**Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын-алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру жөніндегі Жетісу облысының өңірлік ведомствоаралық штабы.**

## Шаңырақ уағы



**Жуырда Сарқан политехникалық колледжінің мәжіліс залында шаңырағының шуағы айналасына аян өнегелі отбасымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуді осы оқу орнының оқытушысы Әлима Мұратқызы жүргізіп, ақын - жазушы Жомарт Игіман мен ардагер ұстаз Сайраш Шоманованың өмір жолдары экранда слайд арқылы көрініс тапты.**

Қазақстанның Құрметті журналисі, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Жомарт Мақатұлы, ұлағатты ұстаз, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының "Еңбек адамы" медалінің иегері Сайраш Қабылханқызы білімгерлердің өмір белестері жайындағы сауалдарына жауап беріп, жастар тәрбиесі төңірегінде ой - пікірлерін ортаға салды.

Келесі кезекте білімгерлер мен ұстаздар өкілдері Жомарт Игіманның өлеңдерін оқып, политехникалық колледж директоры Ерлан Дармышев кездесу кейіпкерлерінің иықтарына шапан жауып,

қошемет көрсетті.

Кездесу барысында оқылған ақынның төмендегі өлеңі жастардың көңіліне ұялады:

Уа, жас өркен, өз қолыңда тағдырың,  
Жұмысшыға тиесілі төр бүгін.  
Тек соғыста танылмайды ер деген,  
Еңбекпен де танылады ерлігің.

Бақыт деген алыста емес, іргенде,  
Маман болсаң пайдаң тиер күнде елге.  
Политехқа келсең бағың ашылар,  
Ел мен ердің бақыты ортақ білгенге.

Алуан мақсат, алуан таңдау жан - жағың,  
Болашақты болжадың да барладың.  
Болсам дейсің сегіз қырлы, бір сырлы,  
Ендеше сен осы оқуды таңдағың.

Көргің келсе таңның ғажап атарын,  
Бағындыр сен өмір - тұлпар асауын.  
Колледж саған мүмкіндіктер ұсынды,  
Сәтті болсын сапарың !!!

**Сарқан - ақпарат.**

## Болашақ саябағы



Бастан кешкен сан ғасыр тасқындарын,  
Паналатқан ауған ел босқындарын.  
Қынасымен құпия жазу жазып,  
Жүрегінде сақтаған халық зарын.

Сол Қойтас елдің жаңа кезеңінде,  
Көз тартардай өзгерді бүгін мүлде.  
Құлпырып, көп жиналар орын болды,  
Қайғы-мұң тегіс тарқап өзегінде.

Сарқанның айналды ол жүрегіне,  
Көпшілік демалатын күн мен түнде.  
Табиғат өзі салған саябағы,  
Таппайсың одан өзге бұл өңірде.

Жарқырап нұрын шашқан таңдар да  
атқан,  
Әсер етпей ешнәрсе мүлгіп жатқан.  
Мың алғыс ел басқарған есті ұлдарға,  
Қойтасқа жан бітіріп, қимылдатқан.

Әсер елдің баласы солай болар,  
Шың болмайды бел шешсе, алмас олар.  
Екінші өмір сыйлаған сол Қойтасқа,  
Саябақ қып жаңғыртып міне солар.

Бойжеткендей оны олар сәндеп жатыр,  
Сәніне сән қосып тұр амфитеатр.  
Сарбаздай сапқа тұрған қарағайлар,  
Бойжеткенді күзеткен өңкей батыр.

Тас үстінде орнатқан мұнарасы,  
Бойжеткеннің үкілі тақиясы.  
Сонда шығып "Қойтасқа" көзсалады,  
Қыдырған қаламыздың көрі-жасы.

Жайнаған шам, жаяу жол әрбір тұсы,  
Сүрінбестей теп-тегіс жүрген кісі.  
Тастарға орнатылған мүсіндерді,  
Дегендей таудың келген аң мен құсы.

Бір жерде құз кербезі--таутекесі,  
Сәл ары қар барысы--шың еркесі.  
Етекте мал төресі жылқы менен  
Ойсылқара баладай екі өркеші.

Жанында сұлу өзен салдырлайды,  
Күн ыстықта жағасы жанға жайлы.  
Апыр-ау, суперісі қайдан келген?  
Еркелеп балғын бөксе былқылдайды.

Рухани байлықты толтыратын,  
Қазақтың өнер деген мол мұрасын.  
Жастар біле жүрсін деп, әдейі арнап,  
Орнатқан қобызы мен домбырасын.

Толып жатыр алаң мен алаңқайлар,  
Ойнайтын жастар менен балақайлар.  
Қарттардың да жағдайы ескерілген,  
Демалатын олар да талай жай бар.

Мерекеде айналып гүлге ажары,  
Еріксіз оған ауад жұрт назары.  
Сеңдерше соқтығысқан лек-лек адам,  
Секілді қайнап жатқан хан базары.

Сан көрініс қиялыңа қанат беріп,  
Ұшқың келіп кетеді құсқа еріп.  
Бейнелеу сөзбен бәрін мүмкін емес,  
Не жетсін сезінгенге көзбен көріп.

Игілікті әр істі қолдау керек,  
Көп болып сақталуға етіп көмек.  
Бұл әлі бастамасы деп білген жөн,  
Болашақ саябақтың елден бөлек.

**Болатхан ЕСІРКЕГЕНҰЛЫ.**

## Азылшын тілі – жаһандық мүмкіндіктерге жол ашады

Бүгінгі жылдам дамып жатқан, жаһандық байланысты заманда ағылшын тілін білу — жай ғана дағды емес, бұл — күш. Ағылшын тілі — халықаралық білім, бизнес, технология, саяхат және ғаламдық қарым-қатынасқа жол ашатын кілтке айналды. Бұл — әлемде ең кең таралған екінші тіл, түрлі мәдениеттер арасындағы көпір іспетті. 1. Ағылшын тілі — жаһандық мүмкіндіктерге жол ашады Шетелде оқуға грант алғыңыз келе ме, халықаралық конференцияларға қатысқыңыз келе ме, әлде қашықтан жұмыс іздеп жүрсіз бе — ағылшын тілін білу сізді бір саты алға шығарады. Бұл — ғылым, авиация, дипломатия мен интернет тілі. Онлайн контенттің 50%-дан астамы ағылшын тілінде — бұл тілді білмесеңіз, сол білімге жол жабық. 2. Ағылшын тілі — сенімділік береді Ағылшын тілін білу — академиялық және әлеуметтік ортада өз-өзіңізге сенімді болуға көмектеседі. Сіз пікірталастарға қатысып, еркін ойыңызды білдіре аласыз және әлем жаңалықтарын бірінші дереккөзден түсінесіз. TED Talks, бестселлер кітаптар — барлығы сізге болашақты қалыптастырып жатқан идеялармен байланысуға мүмкіндік береді. 3. Ағылшын тілі — тәуелсіздік сыйлайды Ағылшын тілін түсінгенде, сіз өзгеге тәуелді болмайсыз — аудармаға немесе түсіндіруге мұқтаж болмайсыз. Бұл — білім, мансап және өз даусыңызды естірту мүмкіндігін бақылауға алуыңыз. Ол оқушыларды, мамандарды және шығармашылықпен айналысатындарды үлкен армандарға жетелеп, алға жетелейді. Қорыта айтқанда ағылшын тілін үйрену — тек грамматика мен сөз жаттау емес. Бұл — көпір салу, мүмкіндіктерді пайдалану және жаһандық қоғамда табысты өмір сүруге сенімділік алу жолы. Сондықтан, иә — ағылшын білу — бұл күш. Ал бұл күш — сіздің қолыңызда!

**А. ҚАЛИБАЕВА,**  
Жетісу облысы "Тіл" оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының ағылшын тіл курсының оқытушысы.

**Сарқан аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен белсенді жұмыс атқарып жүрген аналарымыз бен әкелеріміз көпке үлгі бола білді. Жуырда өткен аудандық мәдениет үйінің бастамасымен ұйымдастырылған "Асқар тау — әке, зерек бала" және "Дана ене — дара келін" байқауларына ардагерлер де ат салысып, жүлделі орындарға ие болды.**

Аталмыш байқауға Аманбөктер ауылының ардагерлер кеңесінің төрайымы Малика Жантасова, Екіаша ауылының төрайымы Айшолпан Есимова жетекшілік етті. Олар байқауға қатысушы ене мен келін, әке мен баладан құралған шығармашыл топты дайындап, ұлттық салт-дәстүрімізді, отбасылық құндылықтарды дәріптеген мазмұнды көріністер ұсынды. Сахнада көрініс тапқан әрбір қойылым — халқымыздың ғасырлар бойы ұстанған

## АРДАГЕРЛЕР – ел шежіресі, ұрпақ үлгісі

тәрбиелік мәні зор мұраларының көрінісі болды. Әкенің асқар тау ретіндегі орны, баланың зеректігі, енелер мен келіндер арасындағы өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды құндылықтар сәтті сахналанып, көрермен көңілінен шықты. Осындай игі шара арқылы ардагерлеріміз ұрпақ тәрбиесінде сіңіріп жатқан еңбектерімен ғана емес, қоғамдағы белсенділіктерімен де үлгі болып отыр.

Шараға аудандық аналар кеңесінің төрайымдары мен ардагер аналары — К.Таймасова, Е.Сүдірбаева сынды қоғамдық белсенділер де белсене қатысып, ұлттық киім үлгілерін, отбасылық салт-дәстүр көріністерін жоғары деңгейде көрсетті. Ұйымдастырушылар

мен қатысушылардың мақсат-мүддесі бір — отбасы тәрбиесін нығайтып, келешек ұрпаққа өнеге көрсету. Бұл шара ұлттық бірлікті, салт-дәстүрді, ізеттілік пен мейірімділікті насихаттаудың жарқын үлгісіне айналды. Сайыс нәтижесінде Малика Жантасова ұйымдастырып алып келген енесі М.Адамбекова, келіні И.Алтайқызы II орын иеленсе, Екіаша ауылынан "Асқар тау — әке, зерек бала" байқауына А.Есимова дайындап алып келген әкесі Б.Елеусизов баласы Айқын мақтау қағазға ие болды.

Аудандық ардагерлер ұжымы барлық іс-шаралардың басында жүріп, үлгі-өнеге көрсетуде. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Абай Құнанбаевтың 180 жылдығы, Республикалық «Мектепке

жол» акциясына тың бастамалар мен көшбасшы болуы қуанарлық жағдай. Осындай игі іс-шараларға ат салысып жүрген Ж.Сансызбаев, С. Баткалов, К.Таймасова, К.Қалиева, Е.Сүдірбаева, Ф.Тажиева, С.Ералина, С.Нурахметова, М.Жантасова, Р.Хаджымқызы, М.Сағымбаева, А. Есимова, Т. Чабденова, К. Кадирсизова, Ш. Асқарғалиева, Р.Ахмадиеваға алғысымыз шексіз.

Асқар таудай әкелер мен ақ жаулықты әжелеріміздің ел үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін жасап жатқан еңбегі — баға жетпес қазына. Олар — өткеннің аманатын бүгінге жеткізуші, салт-дәстүрдің сақтаушысы, ізгілік пен парасаттың иесі. Осындай игі шараларға белсенді атсалысып, кейінгі ұрпаққа өнеге болып отырған ардагерлерімізге шексіз алғысымызды білдіреміз.

**Қ. ЖАНАСБЕКОВ,  
аудандық ардагерлер  
кеңесінің төрағасы.**

## Жақсының жақсылығын айт...

Бір оқу жылы меніңше кез келген адамның жаман-жақсы қырларын ажырата білуге жеткілікті уақыт деп ойлаймын. Дана халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» дейді. Елдің шетінде, желдің етінде отырған елді мекен болғандықтан жылт еткен жаңалық, самалдай есіп өткен бастамалар бізге, әсіресе ардагерлерге айрықша сезіледі.

Білім саласының біраз баспалдақтарынан өткен Жансерік Бөкенұлы аядай ауылдағы ағарту мекемесіне директор болып тағайындалғалы өркенді өзгерістер орын алды. Соларға жеке жеке тоқталсам. «Театр киім ілгіштен басталады» демекші ұжымын жұмылдырып ең бірінші мектептің сыртын, одан кейін ішін ретке келтірді. Кадр мәселесіне баса мән беріп, алыс-жақыннан мұғалімдер шақырып, оларға әлеуметтік қолдау көрсетіп, ұжымды жаңа, жас мамандармен толықтырды. Мұғалімдерді бірыңғай формаға көшіріп, реттілік жасады. Сондай-ақ демеушілердің көмегімен 35 балаға бірыңғай, ұлттық нақыштары бар киім алдырды. Мемлекеттік аттестацияға мектепті тыңғылықты дайындап, былтыр үлкен сынақтан сүрінбей өтуіне атсалысты. Аудандағы алдыңғы қатарлы мектептерден ауылға мұғалімдер шақырып, оларға сабақ бергізіп, іс-тәжірибе алмасты. Біздің мектептің жанды тұсы — баланың аздығы болатын. Олардың санын 35 — тен 46 — ға жеткізді. Талапшылдығының арқасында мұғалімдердің санатын айтарлықтай өсірді. Ең бастысы мектеп ұжымының алдында нақты міндеттер қойып, бағыт-бағдарын айқындады. Өзінің бастама-сынмен тәрбиелік, тағылымдық мәні зор мектепшілік 8 жоба ашып, бүгінгі күні аталмыш жобалар өз нәтижесін беруде.

Әрине, бұның барлығы бір адамның жалғыз еңбегі деуге келмейді. Дегенмен ұжымды ұйыстырып, бір мақсатқа жұдырықтай жұмылдыра білуге басшы адамға қаншама қажыр-қайрат, төзім мен парасаттылық керек десеңізші?! Сырт адам, өзге маман иесі бұны біле бермес. Ал сол салада 44 жыл еңбек еткен, ыстығына күйіп, суығына тоңған жан ретінде мен мұны жақсы білем, жүректен сезінем.

Сонымен қатар мектебімізде қауіпсіз ортаны қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған. Мектебімізде қауіпсіздік шараларын күшейту үшін мектеп аумағындағы барлық маңызды орындарға QR-кодтар ілінген. Шәкірттер бұл QR-кодтарды сканерлеп, қажетті нұсқаулықтар, төтенше жағдайларда әрекет ету ережелері және маңызды байланыс нөмірлерін ала алады.

Мектеп оқушылары білікті, білімді мұғалімдердің бағыттауымен ізденіс нәтижесінде аудандық, облыстық түрлі байлаулардың, жарыстардың жүлдегері атанып жүр. Оған мына жетістіктері жарқын мысал.

Жетісу облысы білім басқармасы, Жетісу телеарнасының ұйымдастыруымен өткен «Жарқыра» атты жобаға мектебіміздің өнерлі жастары

**Ұзақ жылдар Аманбөктер негізі орта мектебінде қажырлы еңбек етіп, қазіргі таңда зейнетке шыққан ұстаз ретінде ауылдағы білім ордасының жай-күйін үнемі назарда ұстаймын, құлдырағанын көрсем күйінем, өрлегеніне куә болсам сүйінем. Осы орайда былтырғы оқу жылынан бастап мектеп тізгінін ұстаған жас болса да бас бола білген Жансерік Бөкенұлының іскерлігін, басқарушылық қабілетін, азаматтық келбетін осынау мақалаға арқау еткім келеді.**



қатысып, өз өнерлерін көпшілікке паш етті. Текелі қаласында өткен Жетісу облысының спорттық туризм чемпионатында мектебіміздің оқушылары қатысып, Сарқан ауданы жүлделі 1 орынды жеңіп алды. "Алау" әскер спорттық ойының облыстық кезеңінде жас сарбаздарымыз қатысып, ең үздік саптық байқау және ең үздік патриоттық ән номинациясын иеленді. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің облыстық байқауында оқушылар 4 номинация: "Жасыл клуб" номинациясы, "Жасыл сахна" номинациясы, "Экоблогер" әлеуметтік бейнематериал номинациясы, Үздік "Эко - дизайн" номинациясы бойынша жүлделі II, III орындар алды.

Біліктілігі жоғары мамандар көп жағдайда шешуші рөл атқарады. Осы орайда өткен жылғы атқарылған жұмыстар бойынша жақсы нәтиже көрсеткен мұғалімдерді атап өткім келеді. Үздік авторлық бағдарламаның облыстық кезеңіне Аманбөктер негізгі мектебінің тарих пәні мұғалімі Бөхен Жансерік қатысып жүлделі III орын алды. Өлкетану жұмысын жоғары деңгейде жүргізгені үшін облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» география пәнінің мұғалімі Маратхан Ақылбек марапатталды. Жаратылыстанудың мазмұнды салаларының "Білім", "Қолдану", "Ойлау" танымдық бағыттары бойынша №3 тапсырмалар" атты аудандық сырттай байқауында биология пәнінің мұғалімі Шынар Ербулатова жүлделі I орын иеленді. Аудандық "Үздік дене шынықтыру педагогы" байқауында дене шынықтыру пәні мұғалімі Дидар Шаймұрат қатысып, өзінің жаңашыл ұстаз екендігін дәлелдеп, жүлделі 3 орын иегері атанды. «Өлкемізді өзгелерде танысын» атты аудандық сырттай байқауда география пәнінің мұғалімі Маратхан Ақылбек «Креативті мұғалім» номинациясымен марапатталды. Мектептің мұндай жарқын жетістіктерді жетерлік.

Жоғарыда тілге тиек еткен жобалар туралы айта кетсем. Мектептің экологиялық

"Жасыл клуб" жобасы аясында "Жоңғар Алатауы" Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркімен меморандумға отырып 4 бағыт бойынша: Ғылыми зерттеу жұмысы бағыты, Орман шаруашылығы бағыты, Туризм бағыты, Экологиялық бағыт бойынша жұмыс жасауда.

Айрықша атап өтетін жайт ол Сарқан ауданы бойынша ең алғаш мектебімізде «Жас сарбаз» - балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық клубының салтанатты ашылу рәсімі болды. Ашылу салтанатына Сарқан ауданы әкімінің орынбасары А.Байғұнысов, аудандық білім бөлімінің басшысы Г.Серикбаева, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы, подполковник Т.Альсеитов, Алакөл ауданы Екіаша шекара бөлімше басшысы, капитан А.Каукунов және ауылдың құрметті азаматтары, ардагер ұстаздар қатысып, ақ тілек, ықыласты баталарын берді.

Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға, оқушылардың көңіл көкжиегін кеңейтуге, танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталған «Таңбалы тас» жобасы аясында "Тарих пәнінің оқыту ерекшеліктері" тақырыбында аудандық, облыстық семинарлар өткізілді. Оған Жетісу облысының Тарихи мұраларды қорғау орталығының директоры Ғ.Оспанов бастаған І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессорлары, тарих ғылымдарының докторлары, өңірімізге белгілі өлкетанушы қатысып, арнайы жинақтың тұсаукесері өтті. «Жас турист» жобасы аясында демеушілер көмегімен 4 толық жинақ туристік құрал-жабдық алынып, шәкірттер аудандық, облыстық жарыстарға қатысуға мүмкіндік тапты. «Жүйріктен үйрен» жобасы аясында Аманбөктер негізгі орта мектебінің сұранысы бойынша №1 мектеп-гимназияның базасында «Ашық есік» күні өтіп, мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, биология, физика, математика, информатика, бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, іс-тәжірибе алмасты.

Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған "Таза Қазақстан" тұжырымдамасы аясында "Жоңғар Алатауы" МҰТПмен бірлесе отырып 200 құмыраға төрт түрлі тұқым ағаштары отырғызылды. Ғылыми қызметкерлердің оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тұқымдарды күтіп - баптау барысы айтылып, жаңашылдық "Жетісу", "Хабар", "Хабар-24" телеарналарында көрсетілді.

Мұндай сан түрлі шаралар, байқаулар, жарыстар аталмыш оқу ордасында жиі өткізіліп тұрады. Мектеп басшылығы ардагер ұстаз ретінде осындай іс-шараларға біздерді үнемі шақырып, құрметтеп отырады.

Жалпы жас ұрпақ тәрбиесі — бүкіл қоғамның міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі Тамыз конференциясында «Өскекең ұрпаққа ерекше көңіл бөліп, оларды игі істерге бағыттау өте маңызды. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалім еңбегін лайықты бағалау өте маңызды міндет» деді.

Еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы, мектептегі тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан Аманбөктер негізгі орта мектебіндегі оқу-тәрбиелік жұмысты жақсы жолға қойып, ұжымын өрге сүйреген азамат Жансерік Бөкенұлының іскерлігін айту парызымыз.

Біліктілігімен дараланған басшы — ұжымның жүрегі. Білікт басшы, іскер азамат ретінде ол ұжымды алға сүйреді. Өз ісінің маманы болу бір басқа да, басшы болу мүлде бөлек дүние. Басқару ісінде адамның бойында табандылық, әділдік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер болуы керек. Сол қасиеттер Жансерік Бөкенұлының бойынан табылды деуге болады.

Ол тек тапсырма беріп, талап етумен шектелмей, әріптестерінің пікіріне құлақ асып, ортақ істің нәтижелі болуына мән берді. Ұжымдағы әр қызметкердің жеке қабілетін танып, соған сай жұмыс жүктеді. Соның нәтижесінде, әркім өз орнын тауып, ұйым алға басты. Іскерлігі мен көрегендігінің арқасында ол қиын сәттерде де сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдай білді. Сонымен қатар "Жалынды жастар" слеті сияқты аудандық шаралар мектебімізде өтуі ауыл өсіп-өркендеуіне, мектебіміздің дамуына зор серпін береді. Ардагер ұстаз ретінде мұндай іс-шаралардың өтуін әрқашан құптаймын.

Осындай ісі көпке үлгі, бастамашыл, ең бастысы жаңашыл басшылардың қатары көбейсе еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

**М.ЖАНТАСОВА,  
ардагер ұстаз, Аманбөктер  
ауылдық бастауыш ардагерлер  
ұйымының төрайымы.**

• Тағзым

## Өнері өмірінің мәні еді

Тоқсаннан асқан жасында жаны көк төріне самғап ұшқан Жұманова Шәкен апамыздың 40 күндігі жақындап қалыпты. Жаратушы адамнан адамды айырады, адамды адамнан бөледі, уақыты келгенде жер бетілік пенде Алланың аманатын тапсырып, мәңгілік мекеніне аттанады. Апамызды білетін үлкен - кішінің фәниден бақиға қайтқан марқұмның тірлігіндегі жақсы істерін естеріне алуын заңдылық деп есептейміз.

Шәкен Мұхтарқызымен өнер туралы жиі пікірлесетінбіз. Егде тартқан жасына қарамастан редакцияға жиі келіп, ой-пікірін ортаға салатын. Өнер жолындағы берекелі белестерін әңгімелеуден жалықпайтын. Жұманова Шәкен Мұхтарқызы Сарқан ауданының құрметті азаматы, мәдениет саласының ардагері. Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі. Ұзақ жыл мәдениет қызметкерлерін дайындайтын оқу орындарында қызмет атқарған Шәкен Мұхтарқызы Бүкілодақтық фестивальдардың, конкурстардың лауреаты.

Өнер халық тарихымен бірге жасап, біте қайнап келе жатқан ұлы құбылыс. Ежелден өнерді сүйген, табиғатынан әнге әуес, күйге құмар халқымыздың рухани қазынасы өте бай. Сол мұраның үніне құлақ түрсек ата-бабамыз басынан өткерген қилы-қилы замандардан шежіре болып сыр шертеді.

Шәкен Мұхтарқызы 1954 жылы Абай атындағы мектепті бітіп, Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның қобыз класында оқып, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Нұрғиса Тілендиев, Фуат Мансуров сынды өнер майталмандарынан дәріс алған. Консерваторияда оқып жүріп 3 курста Мәскеуде өткен Бүкілдүниежүзілік студенттер фестиваліне қатысып, лауреат атанды. Сол жылы Құрманғазы оркестріне жұмысқа қабылданды.

1959 жылы консерваторияны бітірісімен жолдамамен Жамбыл қаласындағы мәдениет училищесіне барып, жолдасы Бегімбай Жаркенов екеуі 15 жыл бірге қызмет атқарады. Туған жері Сарқан қаласында 1971 жылы мәдениет училищесі ашылғанда арнайы шақырумен 1973 жылы туған жерге оралады. Мұнда қазақ оркестрін құрып, домбырадан Сапаржан Торсықбаев, қобыздан Шәкен Жұманова, примадан Бегімбай Жаркенов сабақ беріп, оркестрдің құрамын 60 адамға жеткізеді.

Жаркеновтар отбасы негізінен ауданның мәдениет саласында тер төгіп, жетістіктерге жетті. Тұңғыш қызы Алтын Бегімбайқызы ұзақ жылдар бойы балалардың шығармашылық үйінде қызмет атқарып, басшылық жасады.

Шәкен Мұхтарқызының тірлік сапары шектелгенімен оның өнегелі өмірі марқұмды жақсы білетін аудан тұрғындарының жадында мәңгі сақталады. Өнері өмірімен астасқан аға буынның өкілі ретінде жақсы ісі кейінгі толқын арқылы жалғасын табары анық.

Жомарт ИГІМАН.



## Әнмен өрілген өмір

1949 жылдың 10 қыркүйегінде Бөрлітөбе ауданында Жетісу өлкесінің музыкалық тарихында алтын әріппен жазылған есім иесі дүниеге келді. Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші әрі сазгер Ғалым Көпесбайұлы Сүлейменов. Өмірін өнерге арнап, қазақ мәдениетінде өшпес із қалдырған тұлға халық жүрегінен берік орын алды.



12 қыркүйек күні Лепсі ауылындағы Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде әнші-композитордың туған күніне орай арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрмені тамашалауға ауыл тұрғындары мен К.Д.Ушинский атындағы орта мектебінің 5–6-сынып оқушылары келді. Көрмеде сазгердің өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды деректер, марапаттары, фотосуреттері, концерттік костюмдері мен қолжазбалары көпшілік назарына ұсынылды. Бұл шара қонақтарға Ғалым Сүлейменовтің шығармашылық жолын жақынырақ танып, рухани мұрасымен сусындауға мүмкіндік берді.

Ғалым Сүлейменовтің өнерге алғашқы қадамы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториядан басталды. Кейін ол І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтында ұстаздық етіп, 38 жыл бойы болашақ өнерпаздарға білім мен тәжірибе берді. Сазгердің «Әкешім», «Сүй, жан сәулем», «Жетісу», «Талдықорған» сияқты әндері туған жерге деген сүйіспеншіліктің, ел мәдениетіне деген құрметтің нышаны болып халық жадында сақталды.

1990 жылы ол Талдықорған облыстық филармониясының директоры әрі көркемдік жетекшісі болып тағайындалып, Мұқан Төлебаев атындағы қазақ халық аспаптар оркестрін құрды. Бұл ұжым ұлттық музыканы жаңғыртып, оның асыл мұрасын сақтауда үлкен рөл атқарды.

Ғалым Сүлейменовтің өнері Қазақстанмен шектелмей, шет елдерде де кеңінен танылды. Ол Испания, Германия, Болгария, Түркия, Қытай мемлекеттерінде гастрольдік сапармен болып, қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттады. Оның шығармашылығына арналып «Жүректен тербеп» (1994), «Шабыт» (1982) атты деректі фильмдер түсірілді.

Өнер иесіне басқа өңірлерден шақырулар түссе де, ол туған Жетісу еліне адал болып қалды. «Балқашым», «Ақсуым», «Матайым», «Көктемім келді өзіңнің» сынды көптеген әндерін туған жеріне арнады. Бүгінде оның репертуарында 60-тан астам ән бар, олар радиодан жиі орындалып, халықтың жүрегіне жол тауып келеді.

Ғалым Сүлейменов – Жетісу жұртының мақтанышы, қазақ өнерінің асыл қазынасын байытқан дара тұлға.

С.ДЖАПАРОВ,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

## "ЖАНҰЯ" ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



Уақыт сұранысына орай 2023 жылдың күзінде өз есігін айқара ашқан «Жанұя» отбасын қолдау орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға кешенді қолдау көрсету және осындай келеңсіздіктердің алдын алуға, тұрмыстық зорлықтан зәбір көрген, барар жері жоқ әйел мен балаларды уақытша, мәселелері түбегейлі шешілгенге дейін орталық мамандары психологиялық, құқықтық кеңестер беріп, әлеуметтік қызмет түрлерін көрсетеді.

19 штаттық бірлігі, 15 жатын орыны бар «Жанұя» отбасын қолдау орталығы қазіргі уақытта отбасындағы кикілжіңнің алдын алу, мұқтаж жандарға дер кезінде жәрдемдесу мақсатында отбасының цифрлық картасы бойынша жұмыс істейді. Сондай-ақ, өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларын анықтап, қолдау көрсету мақсатында құрылған мобильдік топ мүшелерімен жұмыла жұмыс жасайды. Жергілікті атқарушы органның үйлестіруімен, өз құзыреті шегінде білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары бірлесе бұйрықтың талаптары бойынша жұмыстарды үйлестіру үшін ведомстваралық органдар оның ішінде интеграцияланған модель арқылы және қоғамдық бірлестіктермен меморандум жасалып, жұмыстары жүргізілуде.

Орталық ашылғаннан бері әлеуметтік, құқықтық, психологиялық көмекке мұқтаж отбасылар үшін жұмыс жасап және Көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға кешенді консультациялық қызметтер ұсынылды.

Осы уақытқа дейін жүргізілген жұмыстарды

сараласақ. 2025 жылдан бастап орталыққа 76 өтініш түсті. Осы өтініштердің ішінен 8 өтініш бойынша орталыққа 14 ана 39 бала уақытша орналастырылып, әлеуметтік психологиялық және заңдық кеңестер алып, орталықтан тұрақты мекен-жайға шығарылды. Осы жылы орналасқан отбасылар ішінен тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 6 отбасы тіркелді, 2 отбасы дағдарыс орталығына жіберілді. Қалған 62 өтініш аз қамтылған, көп балалы, жалғызбасты аналардан түскен өтініштер. 4-өтініш жұмыссыздыққа тіркелді. 6-өтініш сот кабинетіне талап арыз берілді. 13-өтініш үй кезегіне тұрғызу. 4-өтініш толық құжаттары рәсімделді. 9-өтініш ЭЦҚ кілті аштырылды. 1-өтініш мүліктің бар жоғына анықтама берілді. 9-құқықтық кеңес берілді. 5-психологиялық кеңес берілді. 1-балалардың туу туралы куәліктері жасалды. 1-туу туралы куәлікке сұраныс берілді. 2-АӘК-жәрдемақысына құжаттарды рәсімдеуге көмек берілді. 1-көпбалалы ана мәртебесі бойынша жәрдемақыға құжаттары рәсімделді. 1-тұрақты мекен-жайға тұрғызылды. 5-азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

2025 жылы «Жанұя» отбасын қолдау орталығы әлеуметтік әлсіз отбасылардың өмір сүру сапасын арттыруға, азаматтардың экономикалық және өмірлік қиын жағдайдан шығуы үшін жеке мәселелерін нығайту бағытында мобильдік топпен тығыз жұмыс атқара отырып, тұрмыстық зорлықтан зардап шеккен отбасыларға қолдау көрсетеді. Қазіргі уақытта мобильдік топ мүшелері пробация есебінде тұрған азаматтарға бақылау жүргізіп, тұрмыс-жағдайларына байланысты азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Алдыңғы уақытта зерделеу жұмыстары атқарылып жатыр. Отбасының цифрлық картасын жүзеге асыру мақсатында FSM Social платформасы бойынша 12 дабыл белгі келіп түсті. Соның ішінде Сарқан АПБ 2 - отбасы, Орталық ауруханадан 1- отбасы, Пробация есебінде тұрған 5-отбасы, Қойлық ауылдық округінен 2-отбасы, «Мансап» орталығынан-1 отбасы, Сарқан әкімшілігінен -1отбасы тіркеліп, кешенді бақылауға алынып, көмек түрлері көрсетілді.

Қазіргі уақытта ведомстваралық өзара іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында орталықта психологиялық, заңгерлік, әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Өз тілшіміз.

## "Ашық есік күнін" өткізеді

"БЖЗҚ" АҚ-да (БЖЗҚ) "Ашық есік күні": ҚР Салық кодексіндегі біржолғы зейнетақы төлемдеріне салынатын салыққа қатысты өзгерістер туралы айтамыз, БЖЗҚ-ның цифрлық қызметтерімен таныстырамыз

Халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 2025 жылғы 24 қыркүйекте "БЖЗҚ" АҚ "ҚР Салық кодексіндегі біржолғы зейнетақы төлемдеріне салынатын салыққа қатысты өзгерістер. Цифрлық БЖЗҚ – салымшыларға ыңғайлы болу үшін" тақырыбында "Ашық есік күнін" өткізеді.

2025 жылғы 18 шілдеде мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне қол қойды. Онда БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түріндегі кірістерді 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке табыс салығынан (ЖТС) босату көзделген. Алайда, бұл өзгерістің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге еш қатысы жоқ. Сондай-ақ, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтың шегерімдер де жойылады. Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тіісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

Ашық есік күнін өткізу кезінде БЖЗҚ салымшыларына 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енетін ҚР жаңа Салық кодексінің зейнетақы төлемдеріне қатысты негізгі ережелері туралы толығырақ ақпарат алуға, сондай-ақ БЖЗҚ-ның цифрлық форматта көрсетілетін қызметтерімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Бұған қоса, қатысушылар Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы барлық мәселелер бойынша білікті кеңес ала алады.

Кездесу онлайн-форматта өтетін болғандықтан, оған барлық ниет білдірушілердің қатысуына мүмкіндік беріледі. Іс-шара салымшыларға да, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты материалдар жариялауға тартылған журналистерге де пайдалы болады деп үміттенеміз.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу қажет. Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз (<https://enpf.webex.com/enpf/j.php?MTID=mb3d1b53ebe64edba735a4108c566eaa60> ). Event-мәжіліс нөмірі: (2518 749 6227). Event-мәжіліс паролі: (0000).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

## ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС ӨТТІ

Жақында Сарқан қаласы Абай атындағы мектеп - гимназияда отбасы күніне орай отбасылық эстафета жарысы ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту болды.



Жарысқа қатысқан отбасылар бірлік пен татулықтың, ұйымшылдық пен шыдамдылықтың үлгісін көрсетті. Әрбір сайыс қызықты, тартысты өтіп, көрермендерге қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Тартысты жарыс нәтижесінде төмендегі орындар белгілі болды. 1 орын Оспанғалиевтер отбасы, 2 орын Жангелділер отбасы, 3 орын Баймолдиновтар отбасы.

Осындай отбасылық жарыстар барлық 12 ауылдық округте де өтті.

Барлық қатысушы отбасыларға белсенділік танытқаны үшін алғыс білдіреміз. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Өз тілшіміз.

## Заңды білу – заман талабы

Елімізде заң және тәртіптің сақталуы – бұл қоғамның тұрақты әрі қауіпсіз өмір сүруінің негізі.

Неліктен заң мен тәртіп маңызды? 1. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Заңдардың сақталуы арқылы азаматтардың өмірі, денсаулығы, мүлкі және құқықтары қорғалады. 2. Әлеуметтік тұрақтылықты сақтайды. Тәртіпсіздік пен заң бұзушылықтар анархияға әкелуі мүмкін. Ал заң мен тәртіп – тұрақты даму кепілі. 3. Өділеттілікті қамтамасыз етеді. Заң бәріне ортақ және тең болуы керек. Бұл адамдар арасында сенім орнатады. 4. Мемлекеттің беделін арттырады. Заң мен тәртіпке бағынатын ел – халықаралық аренада сенімді және өркениетті мемлекет ретінде танылады.

Ал мемлекетіміздің әрбір азаматы заңдарды білуге және сақтауға; қоғамдық тәртіпке бағынуға; басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге; құқық бұзушылықтарға жол бермеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, азаматтардың шет мемлекеттердегі қарулы қақтығыстарға немесе әскери іс-қимылдарға қатысуы қатаң түрде қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық кодексінің 172-бабына сәйкес, егер азамат жалақы немесе басқа да жеке мүдде үшін шетелдегі әскери жанжалдарға жалдамалы ретінде қатысса, ол 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, шет елдердегі террористік немесе экстремистік ұйымдарға қосылу, сондай-ақ діни немесе этностық араздықты қоздыру әрекеттері де (ҚК-нің 174-бабы) қылмыстық жазаға тартылады. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз азаматтарының шет мемлекеттердегі заңсыз әрекеттерге қатысуына жол бермейді. Мұндай іс-әрекеттер тек жеке адамның ғана емес, жалпы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Азаматтарды заң талаптарын сақтауға, радикалды идеялардан аулақ болуға және күмәнді ұйымдардың ықпалына түспеуге шақырамыз.

## ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАР!

Сіздерді 2025 жылғы 25 қыркүйекте сағат 15:00-де өткізілетін Бірыңғай есеп беру күніне қатысуға шақырамыз.

**Іс-шараны өткізудің мақсаты:** қауіпсіз қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реформалауды іске асыру шеңберінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша заңнаманың міндетті талаптары бұзушылықтарының жүйелі профилактикасын дамыту бойынша Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

**Өткізу нысаны:** Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылушылықтары профилактикасын жүзеге асыру нәтижелерін талқылау бойынша кездесу нысанында өткізіледі.

**Өткізу орны:** Талдықоған қаласы, «Бірлік» ықшам ауданы, Астана даңғылы, 2 А Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының ғимараты.

## УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ И ОРГАНИЗАЦИИ!

Приглашаем вас принять участие в Едином дне отчета, который состоится 25 сентября 2025 года в 15:00 часов.

**Цель проведения:** повышение правовой грамотности субъектов предпринимательства и организаций для осуществления безопасной деятельности, развитие системной профилактики нарушений обязательных требований законодательства по вопросам государственного контроля и надзора в рамках реализации реформы контрольно-надзорной деятельности государства.

**Формат проведения:** Единый день отчета проводится в форме встречи по обсуждению с субъектами предпринимательства результатов осуществления государственного контроля и надзора и профилактике нарушений законодательства Республики Казахстан.

**Место проведения:** город Талдыкорган, «Бірлік» микрорайон, проспект Астана, 2 А, здание палаты предпринимателей области Жетісу.

## Сен туған күн, мерекеніңен!

Қыркүйектің 17-сі әріптесіміз **Альмира Тұңғатқызының** туған күні. Алдағы аптада тұңғыш қыздары **Айша** ұзатылады. Қос қуанышты құттықтауымызға арқау етіп, жасың ұзақ болсын, балалардың бақыты баянды болсын деген тілегімізді ортаға саламыз!

**Құрметті Альмира!**

Тұңғышыңның бағын тілеп алдағы, Болашақты қиялыңмен барладың. Бірге көрсен Ерболменен екеуің, Айшажанның бақ жұлдызы жанғанын.

Аппақ тілек, үкілі үміт, жақсы ырым, Жақсылықпен жаным жайнап, қашты мұң, Ұзағынан сүйіндірсін екі жас, Ұзағынан сүйіндірсін шаттығың!



Ізгі тілекпен: редакция ұжымы.

Қазақстан қоғамында отбасы – мемлекет тірегі, ұлттық тәрбиенің бастауы, ұрпақ жалғастығының алтын діңгегі болып табылады. Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында Отбасы күні қарсаңында «Жанұя» отбасын қолдау орталығы ұйымдастырған ауқымды іс-шара өтті.



## ЖАНҰЯ - ҚОҒАМ ДІҢГЕГІ

Іс-шараға көпбалалы аналар, жас отбасылар мен білім ордаларының оқушылары мен студенттері қатысты. Шара барысында отбасылық құндылықтарды сақтау, балаларды ұлттық рухта тәрбиелеу, қоғамдағы отбасының орны мен маңызы жан-жақты талқыланды.

Бағдарлама аясында дәрістер мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылды. Жас жұбайларға арналған «Бақытты отбасы – берекелі қоғам» атты семинар ерекше қызығушылық тудырды. Мұнда отбасы құндылықтарын сақтаудың жолдары, ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығы мен жауапкершілігі жөнінде нақты кеңестер берілді.

Әлеуметтік жағдайы төмен, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек қолын созды. Атап айтқанда, тұрмысы төмен жанұяларға азық-түлік себеттері, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлар табыс етілді.

Мұндай игі шараның басты мақсаты – Отбасы күні қарсаңында қоғамдағы бірлік пен мейірімділікті насихаттау, сондай-ақ көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету болды. Бұл тек тұрмыстық қолдау ғана емес, рухани демеу, көңілге жылу сыйлайтын ізгі амал болды.

Сонымен қатар, орталық мамандары балаларға арналған шеберлік сағаттары мен ұлттық ойын түрлерін ұсынды.

Отбасы күніне орай ұйымдастырылған бұл ауқымды шара тек мерекелік сипат қана емес, тәрбиелік-танымдық маңызымен де ерекшеленді. Мұндай бастамалар қоғамдағы отбасылық құндылықтарды насихаттап қана қоймай, жас буынның сана-сына отбасының қадір-қасиетін терең сіңіруге ықпал етпек.

Отбасы – қоғамның алтын діңгегі. Біз әрбір жанұяның қуанышы мен шаттығын, қиындықтарын бөлісуге дайынбыз. Қоғам болып қолдасақ қана берекелі болашаққа бірге жете аламыз. Сондықтан мұндай қайырымдылық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

С.ДОСАНАМАНОВА,

«Жанұя» отбасын қолдау орталығының бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен жұмыс маманы.

## Хабарландыру / Объявление

•Сарқан қаласы өндіріс аймағында, аумағы 1,0 га жер телімінде орналасқан құрылыс ауданы 1500 шаршы метр болатын 200 бас ірі қара мал бордақылау алаңы сатылады. Баз аумағында: қойма орындары, шатырлар, жем-шөп сақтау орын, сиымдылығы 15 бас тоңазытқыш қондырғысы және жағдайы жасалынған сегіз бөлмелі (екі басты) тұрғын үй орналасқан. Сарқан қаласы, Тәуелсіздік 290 мекен жайы немесе тел.: 8 777 813 11 11 бойынша хабарласуға болады.

Продаётся откормочная база, расположенная на территории промышленной зоны по адресу: г.Сарқан, ул.Тәуелсіздік, 290 (район телевизионки) с общей площадью земли 1,0 га и строения 1500м2. На территории имеются: откормочная площадка, складские помещения, навесы, место для хранения кормов, холодильная установка на 15 туш, а так же жилой 8-ми комнатный дом с отдельным входом (на две семьи) с удобствами.

Обращаться по адресу: тел.: 8 777 813 11 11.

•Сембаева Булбул Корганованың атына тіркелген Сарқан қаласы, Т.Тоқтаров көшесі № 24 мекен жайы бойынша орналасқан 0,0808 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-267-001-671) жеке меншікке құқық беретін 20.11.2007 жылғы № 1151974 мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Самарханов Серікбай Тоқтарұлының атына тіркелген Алмалы ауылы, Тәуелсіздік көшесі №56 көшесінде орналасқан жердің (кадастрлық нөмірі 24-263-036-767) жеке меншікке құқық беретін №1156302 мемлекеттік тіркеу актісі және өзге де құжаттар жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.